| Қан және лимфа жүйесі тарапынан бұзылулар                                      | Өте жиі: Фебрильді нейтропения<br>Жиі: Анемия, коагулопатия<br>Жиілігі белгісіз: Сүйек кемігі жеткіліксіздігі  |
| Иммундық жүйе тарапынан бұзылулар  | Өте жиі: Аса жоғары сезімталдық реакциялары, есекжем, анафилаксиялық реакция<br>Жиілігі белгісіз: Анафилаксиялық шок                                 |
| Метаболизм және тамақтану бұзылулары   | Өте жиі: Тәбет төмендеуі, гипергликемия<br>Жиі: Гиперлипидемия, гиперхолестеринемия<br>Жиілігі белгісіз: Диабеттік кетоацидоз, гипогликемия          |
| Психикалық бұзылулар   | Жиілігі белгісіз: Сананың шатасуы  |
| Жүйке жүйесі тарапынан бұзылулар   | Жиі: Құрысулар, шеткері моторлы нейропатия, естен тану<br>Сирек: Қайтымды артқы лейкоэнцефалопатия синдромы<br>Жиілігі белгісіз: Ұйқышылдық, тремор* |
| Тамырлар тарапынан бұзылулар   | Өте жиі:<br>Эмболия**<br>Жиі: Тромбоз***<br>Жиілігі белгісіз: Ми қан айналымының жедел бұзылуы, қан кету, жоғарғы сагиттальді синус тромбозы         |
| Тыныс алу жүйесі, кеуде қуысы және көкірек ортасы ағзалары тарапынан бұзылулар | Жиі: Гипоксия  |

|  |   |
|--|---|
| Асқазан-ішек бұзылулары                              | <p>Өте жиі: Панкреатит, диарея, іштің ауыруы, жүрек айну</p> <p>Жиі: Құсу, стоматит, асцит</p> <p>Сирек: Геморрагиялық панкреатит, некроздаушы панкреатит</p> <p>Жиілігі белгісіз: Ұйқы безінің жалған кисталары, паротит*</p>  |
| Бауыр және өт шығару жолдары тарапынан бұзылулар     | <p>Жиі: Гепатоуыттылық, бауыр стеатозы</p> <p>Сирек: Бауыр жасушаларының некрозы, сарғаю, холестаз, бауыр жеткіліксіздігі</p> <p>Жиілігі белгісіз: Веноокклюзиялық ауру</p>   |
| Тері және тері асты тіндері тарапынан бұзылулар      | <p>Өте жиі: Бөрпге</p> <p>Жиілігі белгісіз: Уытты эпидермалық некролиз*</p>   |
| Бұлшықет, қаңқа және дәнекер тін тарапынан бұзылулар | Жиі: Аяқ-қолдың ауыруы  |
|  | Жиілігі белгісіз: Остеонекроз (4.4 және 4.5 бөлімдерін қараныз)   |
| Бүйрек және несеп шығару жолдары тарапынан бұзылулар | Жиілігі белгісіз: Бүйректің жедел жеткіліксіздігі*  |
| Жалпы бұзылулар және енгізген жердегі реакциялар     | Жиілігі белгісіз: Дене температурасының көтерілуі   |
| Зертханалық және құралмен тексеру деректері          | <p>Өте жиі: Дене салмағының төмендеуі, гипоальбуминемия, аланинаминотрансфераза концентрациясының жоғарылауы, аспаратаминотрансфераза концентрациясының жоғарылауы, гипертриглицеридемия, қандағы фибриноген концентрациясының төмендеуі, липаза концентрациясының жоғарылауы, амилаза концентрациясының жоғарылауы, ішінара белсендірілген тромбопластин уақытының ұзаруы, қандағы билирубин концентрациясының жоғарылауы, антитромбин III деңгейінің төмендеуі****, нейтрофилдер санының төмендеуі****</p> <p>Жиі: Тромбопластин уақытының ұзаруы, халықаралық қалыптасқан қатынастың артуы, гипокалиемия, қандағы холестерин концентрациясының жоғарылауы, гипофибриногенемия, гамма-глутамил трансфераза концентрациясының жоғарылауы</p> <p>Жиілігі белгісіз: Қандағы мочевина концентрациясының жоғарылауы, пәсаспаргазаға антиденелер өзгеруі, тромбоциттер санының төмендеуі, гипераммониемия</p> |
| Инфекциялар және инвазиялар                          | Жиі: Инфекциялар, сепсис  |

\* Осы кластағы аспарагиназаның басқа препараттарын қолдану кезінде байқалатын жағымсыз реакциялар

\*\* DFCI 11-001 зерттеуінде өкпе артериясының тромбоэмболиясы, вена тромбозы, аяқ-қол веналарының

тромбозы және беткейлік веналар тромбофлебиті жағдайлары тіркелді

\*\*\* Түсіндіруші ақпарат: ОЖЖ тамырларының тромбозы

\*\*\* Антитромбин III деңгейінің және нейтрофилдер санының төмендеу жағдайлары CL2-95014-002 және CL2-95014-003 зерттеулерінде байқалды

### Жекелеген жағымсыз реакциялар сипаттамасы

Аспарагиназамен емдеу кезінде төменде аталған жағымсыз реакциялар білінді. Осы реакциялар пәгаспаргаза үшін спецификалық сипатта болмаса да, олар Онкаспар препаратымен емдеу кезінде дамуы мүмкін:

#### *Қан және лимфа жүйесі тарапынан бұзылулар*

Онкаспар препараты қан жасушаларының барлық үш өскінін зақымдаумен болатын ауырлығы жеңіл немесе орташа дәрежедегі миелосупрессияны туғызуы мүмкін.

Ауыр қан кетулер/қан құйылулар және тромбоздар жағдайларында ми тамырлары зақымдануы мүмкін, бұл инсульт, құрысуларға, бас ауыруына немесе сананың шатасуына алып келуі ықтимал.

#### *Жүйке жүйесі тарапынан бұзылулар*

Онкаспар препараты құрысулармен және жиілігі аз - сананың шатасуымен және ұйқышылдықпен (сананың жеңіл бұзылуы) көрініс беретін орталық жүйке жүйесінің бұзылуларын туғызуы мүмкін. Сирек жағдайларда қайтымды артқы лейкоэнцефалопатия синдромы дамуы мүмкін. Өте сирек жағдайларда саусақтардың треморы байқалды.

#### *Асқазан-ішек жолы тарапынан бұзылулар*

Пациенттердің шамамен жартысында тәбеттен айрылу, жүрек айну, құсу, іштің түйіліп ауыруы, диарея және дене салмағының төмендеуі сияқты ауырлығы жеңіл және орташа дәрежедегі асқазан-ішек жолы тарапынан бұзылулар туындайды. Жедел панкреатит жиі дамуы мүмкін. Жалған кисталардың түзілуі туралы бірлі-жарым хабарламалар алынды (препараттың соңғы дозасын енгізуден кейін 4 айға дейін). Сирек жағдайларда геморрагиялық немесе некроздаушы панкреатит дамиды. L-аспарагиназамен емдеу кезінде жедел паротиттің бір мезгілде дамуымен болған панкреатиттің бір жағдайы сипатталды. Өліммен аяқталатын геморрагиялық немесе некроздаушы панкреатиттің бірлі-жарым жағдайлары тіркелді. Онкаспар препаратымен емдеу кезінде және ем аяқталған соң қан сарысуында амилаза концентрациясының жоғарылауын байқауға болады.

#### *Бүйрек және несеп шығару жолдары тарапынан бұзылулар*

Құрамында L-аспарагиназа бар сызба бойынша емдеу кезінде сирек жағдайларда жедел бүйрек жеткіліксіздігі дамуы мүмкін.

#### *Тері және тері асты тіндері тарапынан бұзылулар*

Тері көріністері бар аллергиялық реакциялар туындауы мүмкін. L-аспарагиназа қолдану кезінде уытты эпидермалық некролиздің (Лайелл синдромы) бір жағдайы сипатталды.

#### *Эндокриндік жүйе тарапынан бұзылулар*

Көбінесе глюкоза метаболизмінің бұзылуы түрінде ұйқы безінің эндокриндік функциясының бұзылуы жиі туындады. Диабеттік кетоацидоз және гиперосмолярлы гипергликемия жағдайлары сипатталды, әдетте, олар инсулин енгізгенде басылды.

#### *Метаболизм және тамақтану бұзылулары*

Қан сарысуында липидтер концентрацияларының ауытқулары байқалды. Қан сарысуында липидтер концентрациясының өзгерістері (көптеген жағдайларда клиникалық симптомдарсыз) өте жиі тіркелді. Қан сарысуында мочевиная концентрациясының жоғарылауы жиі кездеседі, препарат дозасына байланысты емес және үнемі дерлік преренальді метаболизмдік теңгерімсіздік белгісі болып табылады.

#### *Жалпы бұзылыстар және енгізген жердегі реакциялар*

Инъекциядан кейін, әдетте, өз бетінше басылатын дене температурасының көтерілуі болуы мүмкін.

### *Иммундық жүйе тарапынан бұзылулар*

Пэгаспаргазға қарсы спецификалық антиденелер анықталды. Олардың болуы жоғары сезімталдық реакцияларының дамуымен өзара байланысты. Сонымен қатар препараттың клиникалық тиімділігін төмендететін нейтрализациялаушы антиденелер де анықталды, алайда аспарагиназа белсенділігінің жоғалуымен антиденелердің түзілуі өзара байланысты ма, оны анықтауға жеткілікті деректер жоқ.

Онкаспар препаратын қолдану кезінде өмірге қатерлі анафилаксиялық реакциялар, ангионевроздық ісіну, бет немесе көздің ісінуін, эритема, артериялық қысым төмендеуін, бронх түйілуін, енгіту, қышыну және бөртпені қоса, аса жоғары сезімталдық реакциялары дамуы мүмкін (4.3. және 4.4. бөлімін қараңыз).

### *Бауыр және өт шығару жолдары тарапынан бұзылулар*

Бауыр функциясы көрсеткіштерінің ауытқуы жиі кездеседі. Қан сарыусындағы трансаминазалар және билирубин белсенділігінің дозаға тәуелсіз жоғарылауы жиі тіркелді.

Дене массасының тез ұлғаюы, асцитпен бірге сұйықтықтың іркілуі, билирубин деңгейінің қан сарыусында жылдам жоғарылауымен қатар жүретін гепатомегалия және персистирлеуші тромбоцитопения ауыр дәрежедегі ВОВ (веноокклюзиялық ауру) дамуының қаупін көрсетуі мүмкін, ол ем жүргізілмеген жағдайда өлімге алып келуі мүмкін (қараңыз 4.4-бөлім).

Бауыр стеатозы өте жиі білінуі мүмкін. Холестаз, сарғаю, бауыр жасушаларының некрозы және өліммен аяқталатын бауыр жеткіліксіздігінің сирек жағдайлары тіркелді.

Ақуыз синтезінің бұзылуы қан сарыусында ақуыз концентрациясының төмендеуіне әкелуі мүмкін. Емдеу кезінде көптеген пациенттерде сарысулық альбумин концентрациясының дозаға тәуелсіз төмендеуі байқалады.

Онкаспар препаратын қолдану кезіндегі жағымсыз реакциялардың осы типтері нативті пәгилденбеген L-аспарагиназаны (атап айтқанда, *E. coli* нативті аспарагиназасы) қолдану кезіндегі осындайлармен ұқсас.

### Күмәнді жағымсыз реакциялар туралы хабарлау

Дәрілік препараттың «пайда – қауіп» арақатынасын үздіксіз мониторингтеуді қамтамасыз ету мақсатында дәрілік препаратты тіркеуден кейін күмән тудыратын дәрілік препараттар туралы хабарлау маңызды. Денсаулық сақтау саласының мамандарына Еуразиялық экономикалық одаққа мүше-мемлекеттердің жағымсыз реакциялары туралы ұлттық хабарландыру жүйесі арқылы кез келген күмәнді жағымсыз реакциялар туралы хабарлауға кеңес беріледі.

|   |   |
|---|---|
| <b>Ресей Федерациясы</b><br>109012, Мәскеу қ., Славян алаңы, 4 үй, 1 кұр. Денсаулық сақтау саласын қадағалау жөніндегі федералдық қызмет (Росздравнадзор)<br>Тел.: +7 800 550 99 03<br>Эл. пошта: <a href="mailto:pharm@roszdravnadzor.gov.ru">pharm@roszdravnadzor.gov.ru</a><br><a href="https://www.roszdravnadzor.gov.ru">https://www.roszdravnadzor.gov.ru</a> | <b>Қазақстан Республикасы</b><br>010000, Астана қ., Байқоңыр ауд., А.Иманов көш., 13, («Нұрсаулет 2» БО)<br>Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК<br>Тел.: +7 (7172) 235-135<br>Эл. пошта: <a href="mailto:farm@dari.kz">farm@dari.kz</a><br><a href="http://www.ndda.kz">http://www.ndda.kz</a> |
|---|---|

|   |  |
|---|--|
| <p><b>Қырғыз Республикасы</b><br/>720044, Бішкек қ., 3-ші линия көш., 25<br/>Қырғыз Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі жанындағы Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар департаменті<br/>Тел.: +996 (312) 21 92 78<br/>Эл. пошта: <a href="mailto:dlsmi@pharm.kg">dlsmi@pharm.kg</a><br/><a href="http://pharm.kg">http://pharm.kg</a></p>  | <p><b>Армения Республикасы</b><br/>0051, Ереван қ., Комитас даңғ., 49/5<br/>«Академик Э. Габриелян ат. дәрілер мен медициналық технологияларды ұлтық сараптау орталығы» ЗТАҚ<br/>Тел.: (+374 60) 83-00-73, (+374 10) 23-08-96, (+374 10) 23-16-82<br/>Дәрілер қауіпсіздігін мониторингтеу бөлімінің жедел желісі: (+374 10) 20-05-05, (+374 96) 22-05-05<br/>Эл. пошта: <a href="mailto:info@ampra.am">info@ampra.am</a>,<br/><a href="mailto:vigilance@pharm.am">vigilance@pharm.am</a><br/><a href="http://pharm.am">http://pharm.am</a></p> |
| <p><b>Беларусь Республикасы</b><br/>220037, Минск қ., Товарищеский тұйық көшесі, 2а үй.<br/>«Денсаулық сақтау саласындағы сараптамалар мен сынақтар орталығы» УК<br/>Тел.: +375 (17) 231-85-14<br/>Факс: +375 (17) 252-53-58<br/>Фармакоқадағалау бөлімінің телефоны: +375 (17) 242 00 29<br/>Эл. пошта: <a href="mailto:rcpl@rceth.by">rcpl@rceth.by</a>, <a href="mailto:rceth@rceth.by">rceth@rceth.by</a><br/><a href="http://www.rceth.by">http://www.rceth.by</a></p> |  |

#### 4.9. Артық дозалану

Онкаспар препаратының көзделмеген артық дозалану жағдайлары жөнінде деректер бар. Артық дозаланудан кейін: бауыр ферменттері белсенділігінің жоғарылауы, бөртпе және гипербилирубинемия байқалды.

Спецификалық антитоты жоқ. Артық дозалану жағдайында жағымсыз реакциялардың белгілері мен симптомдарын анықтау үшін пациенттерді мұқият қадағалау, сондай-ақ қажетті симптоматикалық және демеуші ем жүргізу қажет.

## 5. ФАРМАКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ

### 5.1. Фармакодинамикалық қасиеттері

Фармакотерапиялық тобы: ісікке қарсы дәрілер және иммуномодуляторлар, ісікке қарсы басқа дәрілер.

АТХ коды: L01XX24

#### Әсер ету механизмі

L-аспарагиназаның әсер ету механизмі аспарагин қышқылының мен аммоний түзілуімен жүретін L-аспарагин амин қышқылының ферментативтік ыдырауымен байланысты. Қандағы L-аспарагин қорларының сарқылуы, әсіресе, L-аспарагинді синтездеуге қабілетсіз және соның нәтижесінде апоптозға ұшырайтын лейкомиялық бласттарда ақуыздар синтезінің, ДНҚ және РНҚ бәсеңдеуіне алып келеді.

Осы орайда қалыпты жасушалар L-аспарагинді синтездеуге қабілетті және L-аспарагиназа ферментімен емдеу кезінде оның қорларының тез төмендеуінен аз дәрежеде зардап шегеді. Пэгилдену L-аспарагиназаның ферментативтік қасиеттерінің өзгеруіне әкелмейді, алайда, осы

ферменттің фармакокинетикасына және иммуногенділігіне ықпалын тигізеді.

#### Әсер ету механизмі

L-аспарагиназаның әсер ету механизмі аспарагин қышқылының мен аммоний түзілуімен жүретін L-аспарагин амин қышқылының ферментативтік ыдырауымен байланысты. Қандағы L-аспарагин қорларының сарқылуы, әсіресе, L-аспарагинді синтездеуге қабілетсіз және соның нәтижесінде апоптозға ұшырайтын лейкомиялық бласттарда ақуыздар синтезінің, ДНҚ және РНҚ бәсеңдеуіне алып келеді.

Осы орайда қалыпты жасушалар L-аспарагинді синтездеуге қабілетті және L-аспарагиназа ферментімен емдеу кезінде оның қорларының тез төмендеуінен аз дәрежеде зардап шегеді. Пэгилдену L-аспарагиназаның ферментативтік қасиеттерінің өзгеруіне әкелмейді, алайда, осы ферменттің фармакокинетикасына және иммуногенділігіне ықпалын тигізеді.

#### Фармакодинамикалық әсерлері

L-аспарагиназаның лейкомиялық әсері қандағы және жұлын-ми сұйықтығындағы (ЖМС) L-аспарагин қорларының тұрақты сарқылуына байланысты. Онкаспар препаратының фармакодинамикалық әсері оны бұлшықет ішіне (ССG-1962 зерттеуі) және вена ішіне (AALL07P4 зерттеуі) енгізуден кейін бағаланды.

ССG-1962 зерттеуінде Онкаспар препаратының фармакодинамикалық әсері Онкаспар препаратының үш дозасын ( $2500 \text{ ХБ/м}^2$  ДБА) бұлшықет ішіне — индукция фазасы кезінде бір дозасын және кейіннен емдеу қарқынын арттыру фазасында екі дозасын қабылдаған стандартты қауіп тобындағы ЖЛЛ алғаш диагностикаланған балаларда қан сарысуында ( $n = 57$ ) және ЖМС-да ( $n = 50$ ) аспарагин деңгейінің өзгерістерін сериялау жолымен бағаланды. Қан сарысуында аспарагин концентрациясының төмендеуі индукция фазасы кезінде препараттың бірінші дозасын енгізуден кейін 4-ші күні табылды. Аспарагин концентрациясы көрсетілген дозаны енгізуден кейін 10-шы күні ең төмен мәніне жетті. Қан сарысуында  $1 \text{ мкмоль/л}$  жуық аспарагин концентрациясы шамамен 3 апта сақталды. Аспарагиназаның  $>0,1 \text{ ХБ/мл}$  белсенділігінде аспарагин концентрациясы  $<3 \text{ мкмоль/л}$  дейін төмендеді. Емдеуге дейін  $2,3 \text{ мкмоль/л}$  құраған ЖМС-дағы аспарагин концентрациясы индукция фазасының 7-ші күні  $1,1 \text{ мкмоль/л}$  дейін және 28-ші күні  $0,6 \text{ мкмоль/л}$  дейін төмендеді (5.1.3 бөлімін қараңыз).

AALL07P4 зерттеуінде Онкаспар препаратының фармакодинамикалық әсері индукция және консолидация фазасы кезінде Онкаспар препаратын  $2500 \text{ ХБ/м}^2$  ДБА дозада вена ішіне алған деректермен бағалау мүмкін болатын жоғары қауіп тобындағы В-лимфоциттердің ізашар жасушаларынан ЖЛЛ бар 47 пациентте бағаланды. Қан плазмасындағы L-аспарагин концентрациясы индукция фазасы және консолидацияның бірінші фазасы кезінде Онкаспар препаратын енгізуден кейін 24 сағат ішінде сандық анықтау шегіне жетпейтін деңгейге дейін төмендеді. Аспарагин қорларының сарқылуы шамамен 2 апта ішінде сақталды. СМЖ-да аспарагин концентрациясы индукция фазасы кезінде препаратты енгізуден кейін 4-ші күнге қарай төмендеді, әдетте, препаратты енгізуден кейін 18-ші күнге қарай табылу шегінен төмен күйде қалды.

Осы екі зерттеу нәтижелері Онкаспар препаратын  $2500 \text{ ХБ/м}^2$  ДБА дозада бұлшықет ішіне (ССG-1962 зерттеуінде) және вена ішіне (AALL07P4 зерттеуінде) енгізудің L-аспарагин қорларының тұрақты сарқылуын қамтамасыз етіп, препаратты енгізуден кейін шамамен 2 апта бойы сақталатынын көрсетті.

#### Клиникалық тиімділігі және қауіпсіздігі

Онкаспар препаратының тиімділігі мен қауіпсіздігі ЖЛЛ емінің бірінші желісі шеңберінде препарат инъекция/инфузияға арналған ерітінді түрінде қолданылатын үш клиникалық

зерттеуде: ССГ-1962 зерттеуінде стандартты қауіп тобындағы ЖЛЛ бар пациенттерде, ААЛЛ07Р4 зерттеуінде жоғары қауіп тобындағы ЖЛЛ бар пациенттерде және DFCI 11-001 зерттеуінде стандартты және жоғары қауіп тобындағы ЖЛЛ бар пациенттерде бағаланды.

Онкаспар препаратының тиімділігі аурудың қайталануы немесе рефрактерлігі және *E. coli* нативті L-аспарагиназасына клиникалық тұрғыда көрініс беретін аллергиялық реакциясы бар пациенттерде 6 ашық зерттеуде (ASP-001, ASP-201A, ASP-302, ASP-304, ASP-400 және ASP-001C/003C) 94 қатысушы біріктірілген тандауда бағаланды.

Бірінші желі (*E. coli* нативті L-аспарагиназасына аса жоғары сезімталдығы болмайтын ЖЛЛ бар пациенттер)


Онкаспар препаратының қауіпсіздігі мен тиімділігі белсенді бақылаумен ашық көп орталықтық рандомизацияланған зерттеу шеңберінде бағаланды (ССГ-1962 зерттеуі). Осы зерттеуде бұрын ем қабылдамаған ЖЛЛ стандартты қауіп бар 1-ден 9 жасқа дейінгі педиатриялық топтың 118 пациентінде Онкаспар препаратымен немесе біріктірілген ем шеңберіндегі *E. coli* нативті L-аспарагиназасымен ем алу үшін 1:1 арақатынасында рандомизацияланды. Онкаспар препараты кейіннен қарқындалатын 4- апталық индукция фазасының 3-ші күні және екі 8-апталық фазаның 3-ші күні 2500 ХБ/м<sup>2</sup> ДБА дозасында бұлшықет ішіне енгізілді. *E. coli* нативті L-аспарагиназасы аптасына үш рет 6000 ХБ/м<sup>2</sup> ДБА дозада — индукция фазасында 9 доза және қарқындалу фазасының әрқайсысында 6 доза бұлшықет ішіне қолданылды.

Бастапқы тиімділік бағасы Онкаспар препараты тобында және нативті L-аспарагиназа *E. coli* тобында аспарагин қорларының ұқсас сарқылуының (айқындылығы және ұзақтығы бойынша) көрінісіне негізделді. Хаттамамен белгіленген зерттеу мақсаты қан сарысуында аспарагин концентрациясын 1 мкмоль/л дейін төмендету болды. Осындай дәрежедегі аспарагин қорларының сарқылуы бар пациенттер үлесі үш емдеу фазаларының барысында хаттамамен белгіленген барлық уақыт нүктелерінде ұқсас болды.

Барлық емдеу фазалары барысында қан сарысуындағы аспарагин концентрациясы емдеу фазасының шеңберінде аспарагиназаның бірінші дозасын енгізуден кейін 4 күн бойы төмендеді және Онкаспар препаратының тобында да, нативті L-аспарагиназа *E. coli* тобында да 3 аптаға жуық төмен күйде қалды. Индукция фазасының барысында қан сарысуындағы аспарагин концентрациясының көрсеткіштері 1 суретте көрсетілді. Кейіннен қарқындалатын екі фазаның барысында аспарагин қорларының сарқылу динамикасы индукция фазасы кезіндегі осындаймен ұқсас болды.

## 1 сурет

### ССГ-1962 зерттеуіндегі индукция фазасы кезінде қан сарысуында аспарагиннің орташа (± стандартты қате) концентрациясы



Ескертпе. Онкаспар препараты 4-апталық индукция фазасының 3-ші күні бұлшықет ішіне

2500 ХБ/м<sup>2</sup> ДБА дозада қолданылды. Нативті L-аспарагиназа *E. coli* аптасына 3 рет бұлшықет ішіне 6000 ХБ/м<sup>2</sup> ДБА дозада қолданылды (индукция фазасы кезіндегі 9 доза).

СМЖ-дағы аспарагин концентрациясы индукция фазасы кезіндегі 50 пациентте айқындалды. Емдеу басталуына дейінгі СМЖ-дағы аспарагиннің орташа концентрациясы 3,1 мкмоль/л құрады, ал артынан Онкаспар препаратын енгізуден кейін 4-й ± күні 1,7 мкмоль/л дейін және 25-й ± 1 күні 1,5 мкмоль/л дейін төмендеді. Осы деректер нативті *E. coli* L-аспарагиназасымен емдеу тобындағы осындаймен ұқсас болды.

Онкаспар препараты тобындағы және нативті L-аспарагиназа *E. coli* тобындағы оқиғасыз тіршілік қабілеті (ОТҚ) туралы деректер 2 кестеде жинақталды. ССГ-1962 зерттеуі дизайнында ОТҚ жиілігі бойынша айырмасын бағалау көзделмеді.

## 2 кесте

### 3, 5 және 7 жыл өткеннен кейінгі оқиғасыз тіршілік қабілеті (ССГ-1962 зерттеуі)

|                                     | Онкаспар       | Нативті L-аспарагиназа <i>E. coli</i> |
|-------------------------------------|----------------|---------------------------------------|
| 3-жылдық ОТҚ жиілігі, %<br>(95% СА) | 83<br>(73, 93) | 79<br>(68, 90)                        |
| 5-жылдық ОТҚ жиілігі, %<br>(95% СА) | 78<br>(67, 88) | 73<br>(61, 85)                        |
| 7-жылдық ОТҚ жиілігі, %<br>(95% СА) | 75<br>(63, 87) | 66<br>(52, 80)                        |

ССГ-1962 зерттеуінде, ең көп жиі жағымсыз реакциялар, өмірге қатерлі екі инфекцияны қоса, инфекциялар болды (әр топта 1 пациенттен). Ауырлығы 3-ші және 4-ші дәрежедегі жағымсыз реакциялардың жиілік көрсеткіштері және түрлері жалпы екі емдеу тобында да ұқсас болды. Онкаспар препараты тобынан 2 пациентте кейіннен қарқындатудың бірінші фазасы кезінде аллергиялық реакциялар орын алды (ауырлығы 1-ші дәрежедегі аллергиялық реакция және ауырлығы 3-ші дәрежедегі есекжем).

1 жастан толық емес 31 жасқа дейінгі В-лимфоциттердің ізашар жасушаларынан ЖЛЛ алғаш диагностикаланған пациенттердің қатысуымен пилоттық зерттеу жүргізілді (AALL07P4 зерттеуі). Осы ашық бақыланатын рандомизацияланған зерттеу тәжірибелік пәгилденген аспарагиназаны Онкаспар препаратымен салыстыру мақсатында оларды ЖЛЛ емінің бірінші желісі шеңберінде біріктірілген химиялық ем компоненті ретінде

қолдану кезінде жүргізілді. Лейкоциттер саны бойынша іріктеу критерийлері: а) 1 – 10 жас аралығы:  $\geq 50\ 000$  жасуша/мкл лейкоциттер саны; б) 10 – 30 жас аралығы: лейкоциттердің кез келген саны; с) осының алдындағы глюкокортикостероидтармен ем: лейкоциттердің кез келген санын қамтыды. Зерттеуге қатысуға бұрын цитоуытты химиялық ем қабылдаған пациенттер жіберілмеді (глюкокортикостероидтар қолдануды және цитарабинді интратекальді енгізуді қоспағанда). Бұл зерттеуге 166 пациент енгізілді және 163 пациент Онкаспар препаратымен немесе эксперименттік пагилденген аспарагиназамен ем алды: 54 пациентке Онкаспар препаратымен 2500 ХБ/м<sup>2</sup> ППТ дозасында емдеу тағайындалды. Онкаспар препараты Berlin-Frankfurt-Münster күшейтілген хаттамасы бойынша ем қабылдаған жоғары қауіп тобындағы ЖЛЛ бар пациенттерде индукция, консолидация, кейіннен қарқындату және аралық демеуші ем фазалары кезінде 2500 ХБ/м<sup>2</sup> ДБА дозада вена ішіне қолданылды. Онкаспар препаратымен емдеу тобындағы ең төмен қалдық ауруы (ЕҚА) [сүйек кемігіндегі  $< 0,1\%$  лейкемиялық жасушалар] туралы деректерін бағалауға болатын пациенттердің пайыздық мөлшері индукция фазасының 29-шы күні 80% құрады (40/50). Онкаспар препараты тобында 4 жыл өткеннен кейінгі ОТҚ және жалпы тіршілік қабілеті (ЖТ), тиісінше, 81,8% (95% СА: 62,9-91,7%) және 90,4% (95% СА: 78,5-5,9%) құрады. Онкаспар препаратының тобында ауырлықтың барлық дәрежесіндегі аса жоғары сезімталдық реакцияларының жиілігі 5,8%, анафилаксиялық реакциялар 19,2%,

панкреатит 7,7% құрады. Ауырлығы 3-ші және одан жоғары дәрежедегі фебрильді нейтропения жиілігі 15,4% құрады.

Dana-Farber (DFCI) онкология институты жүргізген DFCI 11-001 зерттеуі DFCI консорциумы ұсынған ЖЛЛ үшін базалық хаттама бойынша ем қабылдаған, ЖЛЛ алғаш диагностикаланған 1 жастан толық емес 22 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдерде Онкаспар препаратымен салыстырылған тәжірибелік пәгилденген аспарагиназа вена ішіне енгізілетін белсенді бақылаумен жалғасатын рандомизацияланған көп орталықтық зерттеу түрінде болды. Барлығы 239 пациент рандомизацияланды, оның ішінде 237 пациент (146 ер және 91 әйел) зерттелетін препаратпен ем қабылдады; Онкаспар препаратымен емді 2500 ХБ/м<sup>2</sup> дозада 119 пациент қабылдады (ЖЛЛ диагнозымен 115 пациент). Емдеу индукция фазасы кезінде (7-ші күні), ал одан кейін 30-апталық индукциядан кейінгі ем шеңберінде 2 аптада бір рет жүргізілді. Пациенттерді рандомизациялау В- және Т-жасушалық ЖЛЛ үшін қауіп тобы (стандартты, жоғары немесе өте жоғары қауіп) бойынша стратификациялаумен жүргізілді. Индукция фазасы аяқталған соң МОЗ төмен көрсеткіші (<0,001) туралы деректерін бағалауға болатын Онкаспар препараты тобынан пациенттердің пайыздық саны 32-ші күні 87,9% құрады (80/91). Бұл зерттеуде 1 жылдан кейін жиіліктің жиілігі 98,0% құрады (СА 95%: 92,4–99,5) және 2 жыл бойы сақталды — 98,0 % [СА 95%: 92,4 %, 99,5 %]]. Осы зерттеуде ОТҚ жиілігі 1 жылдан соң 100 % (СА 95%: 100-100) құрады және 2 жыл бойы сақталды — 100 (СА 95%: 100-100).

*Нативті E. coli L-аспарагиназасына аса жоғары сезімталдығы болатын ЖЛЛ бар пациенттер*

Онкаспар препараты ашық 6 зерттеуде қайталамалы немесе рефрактерлі гематологиялық аурулар кезінде зерттелді. Осы зерттеулерде анамнезінде нативті *E. coli*. L-аспарагиназасына клиникалық көрініс беретін аллергиялық реакциялар туралы мәліметтер болған ЖЛЛ бар 94 пациент Онкаспар препаратымен ем қабылдады. Бір пациент Онкаспар препаратын 250 және 500 ХБ/м<sup>2</sup> ДБА дозаларда вена ішіне қабылдады. Қалған пациенттер препаратты 2000 немесе 2500 ХБ/м<sup>2</sup> ДБА дозада бұлшықет ішіне немесе вена ішіне қабылдады. Пациенттер Онкаспар препаратын монотерапия түрінде немесе көп компонентті химиялық ем шеңберінде басқа препараттармен біріктірілімде қабылдады. Онкаспар препаратын 5 зерттеу шеңберінде қабылдаған ЖЛЛ бар 65 пациентте зерттеуге қатысқан бүкіл уақыт бойына ең үздік емдік жауапты талдау толық ремиссияның 30 (46%) пациентте, толық емес ремиссияның 7 (11%) пациентте және гематологиялық көрсеткіштер жақсаруының 1 (2 %) пациентте орын алғанын көрсетті. Онкаспар препаратымен ем қабылдаған аса жоғары сезімталдығымен ЖЛЛ бар 29 пациент қатысқан басқа зерттеуде индукция фазасы кезіндегі жауап 11 пациентте бағаланды. Оның ішінде 3 (27%) пациент толық ремиссияға, 1 (9%) пациент толық емес ремиссияға, 1 (9 %) пациент гематологиялық көрсеткіштер жақсаруына және 2 (18%) пациентте емдік тиімділікке жетті. Емдік тиімділік басқа жағымды нәтижелер критерийлеріне сәйкес келмеген клиникалық жақсару болып саналды. Демеуші ем фазасы кезіндегі жауап 19 пациентте бағаланды. Оның ішінде 17 (89%) пациент толық ремиссияға жетті және 1 (5 %) пациентте емдік тиімділік байқалды.

## **5.2. Фармакокинетикалық қасиеттері**

Онкаспар препаратының фармакокинетикалық қасиеттері препаратты бұлшықет ішіне (CCG-1962 зерттеуінде) және вена ішіне (AALL07P4 және DFCI 11-001 зерттеулерінде) енгізуден кейін ферментативтік талдау жасау жолымен өлшенген аспарагиназа беленділігі бойынша бағаланды.

CCG-1962 зерттеуінде аспарагиназаның орташа белсенділігі инъекциядан кейінгі 5-ші күні 1 Бірлік/мл ең жоғары шамасына жетті. Инъекция орнынан сіңуден соң препараттың орташа жартылай шығарылу кезеңі 1,7 күнге, ал элиминация фазасындағы жартылай шығарылу кезеңі 5,5 күнге созылды. Тепе-тең күйдегі тарлу көлемі 1,86 л/м<sup>2</sup>, ал клиренс күніне 0,169 л/м<sup>2</sup> құрайды.

AALL07P4 зерттеуінде индукция фазасы кезіндегі препаратты 2500 ЭБ/м<sup>2</sup> дозада бір рет вена ішіне енгізуден кейінгі фармакокинетика (ФК) көрсеткіштері қан плазмасының бірізді алынған үлгілерін зерттеу деректері негізінде фармакокинетикалық талдаудың камерасыз моделін пайдаланумен есептелді. Алынған нәтижелер 3 кестеде ұсынылды (5.1. бөлімін қараңыз). Онкаспар препаратының C<sub>max</sub> және AUC шамалары ерлерде, ДСИ өте жоғары пациенттерде, сондай-ақ 10 жастан асқан пациенттерде төмендеу үрдісі болды. Индукция фазасы кезінде Онкаспар препаратын 2500 ХБ/м<sup>2</sup> дозада вена ішіне бір рет енгізуден кейін 0,1 ХБ/мл мөлшерінен көп немесе оған тең аспарагиназа белсенділігі пациенттердің 95,3%-да препаратты енгізуден кейін 18 күнге дейін сақталды.

### 3 кесте

**Индукция фазасы кезінде Онкаспар препаратын 2500 ХБ/м<sup>2</sup> дозада вена ішіне бір рет енгізуден кейінгі фармакокинетика көрсеткіштері (N = 47; AALL07P4 зерттеуі)**

| ФК көрсеткіштері                             | Арифметикалық орташа (SD)      |
|--|--------------------------------|
| C <sub>max</sub> (мХБ/мл)*                   | 1638 (459.1)                   |
| T <sub>max</sub> (сағат)*                    | 1.25 (1.08, 5.33) <sup>†</sup> |
| AUC <sub>0-t</sub> (мХБ/күн/мл)*             | 14810 (3555)                   |
| AUC <sub>0-∞</sub> (мХБ/күн/мл) <sup>‡</sup> | 16570 (4810)                   |
| t <sub>1/2</sub> (күндер) <sup>‡</sup>       | 5.33 (2.33)                    |
| CL (л/күн) <sup>‡</sup>                      | 0.2152 (0.1214)                |
| V <sub>ss</sub> (л) <sup>‡</sup>             | 1.95 (1.13)                    |

\* N=47 пациент деректерін бағалауға мүмкіндік болады.

<sup>†</sup> Медиана (10-шы, 90-шы процентильдер).

<sup>‡</sup> N= 46 пациент деректері бағалауға беріледі.

DFCI 11-001 зерттеуінде аспарагиназа белсенділігін бағалау индукция фазасы кезінде Онкаспар препаратын 2500 ХБ/м<sup>2</sup> ДБА дозада бір рет вена ішіне енгізуден кейін, ал артынан индукциядан кейінгі ем шеңберінде 2 аптада бір рет жүргізілді (5.1. бөлімін қараңыз). Индукция фазасы кезінде қан плазмасындағы  $\geq 0,1$  ХБ/мл аспарагиназа белсенділігі пациенттердің 93,5%-да препаратты енгізуден кейін 18 күн бойы сақталды.

Индукциядан кейінгі ем шеңберінде 0,4 ХБ/мл мөлшерінен жоғары аспарагиназаның ең аз (қалдық) белсенділігі пациенттердің 100%-да 7-ден 25-ші аптаға дейін сақталды. Осы нәтижелер Онкаспар препаратын 2500 ХБ/м<sup>2</sup> ДБА дозада бір рет және көп рет (2 аптада бір рет) қолдану кезінде аспарагиназа белсенділігінің клиникалық мәнді деңгейі дозалар арасындағы бүкіл үзіліс кезінде (2 апта бойы) сақталды.

ЖЛЛ алғаш диагностикаланған пациенттер 2500 ХБ/м<sup>2</sup> ДБА дозадағы Онкаспар препаратының немесе нативті *E. coli* (25 000 ХБ/м<sup>2</sup> ДБА) немесе *Erwinia* (25 000 ХБ/м<sup>2</sup> ДБА) L-аспарагиназасының бір реттік бұлшықетшілік инъекцияларын қабылдады. Онкаспар препаратының қан плазмасынан жартылай шығарылу кезеңі (5,7 күн) қан плазмасынан нативті *E. coli* (1,3 күн) немесе *Erwinia* (0,65 күн) L-аспарагиназасының жартылай шығарылу кезеңіне қарағанда, едәуір ұзағырақ болды. Родаминмен флуоресценция деректері бойынша *in vivo* лейкомиялық жасушаларының дереу қырылу деңгейі L-аспарагиназаның барлық үш препараты үшін бірдей болды.

Бірнеше рет қайталануы болған ЖЛЛ бар пациенттер индукциялық ем шеңберінде Онкаспар препаратын немесе нативті аспарагиназа *E. coli* қабылдады. Онкаспар препараты индукция фазасының 1 және 15 күндері 2500 ХБ/м<sup>2</sup> ДБА дозада бұлшықет ішіне қолданылды. Онкаспар препаратының қан плазмасынан жартылай шығарылу кезеңінің орташа шамасы аса жоғары сезімталдығы жоқ пациенттерде 8 күн (AUC — 10,35 ХБ/мл/күн) және аса жоғары

сезімталдығы бар пациенттерде 2,7 күн (AUC — 3,52 ХБ/мл/күн) құрады.

#### Ерекше қауымдар

Пациенттердің ерекше қауымдарында Онкаспар препаратының фармакокинетикасын бейресми зерттеу мақсатында бақыланатын зерттеулер жүргізілмеді. AALL07P4 (IV), DFCI 11-001 (IV) және CCG-1962 (IM) клиникалық зерттеулерінің деректері пайдаланылатын Онкаспар препаратына арналған қауымдық фармакокинетикалық талдау клиренс шамасының (дозаға байланысты және қаныққан) ДБА пропорционал артуын, ал таралу көлемінің ДБА мәнінен сәл артық ұлғаюын көрсетті. Аталған талдауда ер және әйел жынысты пациенттер арасында фармакокинетикалық көрсеткіштері бойынша статистикалық мәнді айырмашылықтар анықталмады.

Бүйрек және бауыр жеткіліксіздігінің Онкаспар препаратының фармакокинетикасына ықпалы зерттелмеді. Пэгаспаргаза организмнен бүйрек арқылы шығарылмайтын молекулалық салмағы жоғары ақуыз түрінде болады. Осыған байланысты, бүйрек жеткіліксіздігі бар пациенттерде Онкаспар препараты фармакокинетикасының өзгеруі болжанбайды.

Онкаспар препаратының метаболизмін жүзеге асыратын протеолиздік ферменттер тіндерде түгел таралғандықтан, бауыр атқаратын нақты рөл белгісіз. Алайда, бауыр функциясының кез келген нашарлауы Онкаспар препаратын қолдану кезінде клиникалық мәнді мәселелерді туындатпайды деп жорамалданады.

Егде жастағы пациенттерде препаратты қолдану туралы деректер жоқ.

### **5.3. Клиникаға дейінгі қауіпсіздік деректері**

Онкаспар, инъекциялар мен инфузияларға арналған ерітінді және ерітіндіні дайындауға арналған лиофилизат, екі дәрілік түрін фармакокинетикалық/фармакодинамикалық клиникалық емес салыстыру 500 ХБ/кг есебінен препарат дозаларын вена ішіне бір рет және көп рет енгізуден кейін иттерге жүргізілді. Төменде инъекциялар мен инфузияларға арналған ерітінді зерттеулерінің нәтижелері берілді.

#### Жедел уыттылық

Пэгаспаргазаның тек өте жоғары бір реттік интраперитонеальді дозалары (25 000- 100 000 ХБ/кг дене салмағына) тышқандардың 14% қырылуын туғызды. Препаратты осы дозаларда енгізу жеңіл гепатоуытты әсерімен қатар жүрді. Жағымсыз реакциялар дене салмағын жоғалту, пилоэрекция және белсенділігінің төмендеуін қамтыды. Көкбауыр салмағының азаюы препараттың ықтималды иммуносупрессиялық әсерінің белгісі болуы мүмкін. Пэгаспаргазаны салмағына 500 ХБ/кг дейін бір реттік дозада вена ішіне енгізудің егеуқұйрықтар мен иттердегі жағымдылығы жақсы болды.

#### Көп рет қолдану кезіндегі уыттылығы

Пэгаспаргазаны 400 ХБ/кг/күн дозада интраперитонеальді алған егеуқұйрықтарға жүргізілген 4-апталық зерттеуде, бақылау тобымен салыстырғанда, ас ішу мен дене салмағының төмендеуі байқалды.

Тышқандарға жүргізілген 3-айлық зерттеуде пэгаспаргазаны 500 ХБ/кг дейінгі дозаларда интраперитонеальді немесе бұлшықетішіне енгізу тек препараттың ең жоғары дозасын алған жануарларда ғана бауыр жасушаларының елеусіз өзгерістеріне әкелді.

#### Канцерогенділігі, мутагенділігі, фертильділікке әсері

Жануарларда пэгаспаргазаның канцерогенділігіне ұзақ мерзімді зерттеулер және оның фертильділікке әсеріне зерттеулер жүргізілмеді.

*Salmonella typhimurium* штамдары пайдаланылған Эймс тестісінде пэгаспаргазаның мутагенді қуаты анықталды.

## **6. ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ**

### **6.1. Қосымша заттар тізбесі**

Сахароза  
Натрий дигидрофосфат моногидраты  
Натрий гидрофосфат гептагидраты  
Натрий хлориді  
Натрий гидроксиді (рН 7,4 жеткізу үшін)  
Хлорсутек қышқылы (рН 7,4 жеткізу үшін)

## **6.2. Үйлесімсіздігі**

Осы дәрілік препаратты, 6.6. бөлімінде аталған түрлерін қоспағанда, басқа дәрілік препараттармен араластыруға болмайды.

## **6.3. Жарамдылық мерзімі (сақтау мерзімі)**

### Ашылмаған құты

3 жыл.

### Қалпына келтірілген құты

Химиялық және физикалық тұрақтылығы 25 °С-ден аспайтын температурада 24 сағат ішінде пайдалану кезінде көріністелді. Микробиологиялық тұрғыда, егер қалпына келтіру тәсілі микроблық ластану қаупінің бетін қайтармаса, препаратты дереу пайдалану керек. Керісінше жағдайда, сақтау ұзақтығы мен шарттары үшін жауапкершілік препаратпен жұмыс істейтін персоналға жүктеледі.

### Сұйылтылған ерітінді

Химиялық және физикалық тұрақтылығы 2 °С-ден 8 °С-ге дейінгі температурада 48 сағат бойы пайдалану кезінде көріністелді. Микробиологиялық тұрғыда, препаратты дереу пайдалану керек. Керісінше жағдайда, пайдалану алдында сақтау ұзақтығы мен шарттары үшін препаратпен жұмыс істейтін персонал жауап береді. Егер тек қалпына келтіру / сұйылту бақыланатын және расталған асептикалық жағдайларда жүргізілгенде ғана, қалып шегіндегі сақтау уақыты 2 °С-ден 8 °С дейінгі температурада 24 сағаттан аспауы тиіс.

## **6.4. Сақтау кезіндегі айрықша сақтандыру шаралары**

2°С-ден 8 °С дейінгі температурада тоңазытқышта сақтау керек.  
Мұздатып қатыруға болмайды.

Дәрілік препаратты қалпына келтіруден және сұйылтудан кейінгі сақтау шарттарын 6.3. бөлімінен қараңыз.

## **6.5. Бірінші қаптаманың сипаты және ішіндегісі**

Сыйымдылығы 5 мл бейтарап шыны құтыда (I типті) 3750 ХБ препарат, бутилкаучук резеңке тығынмен тығыздалған және алюминий қалпақпен бүктеледі және бұрмаланбайтын белгісі бар полипропилен қақпағы және жыртылатын бауы бар.

Қаптамадағы препараттың мөлшері: 1 құты қосымша парақпен бірге алғашқы ашылуы бақыланатын картон қорапшада (қажет болған жағдайда).

## **6.6. Пайдаланылған дәрілік препаратты немесе дәрілік препаратты қолданудан кейін алынған қалдықтарды жою кезіндегі айрықша сақтану шаралары және препаратпен жасалатын басқа манипуляциялар**

Осы дәрілік зат жанасу кезінде тітіркендіру әсерін көрсетуі мүмкін. Осыған байланысты, лиофилизат айрықша сақтықпен пайдаланылуы тиіс. Препараттың буларын ішке тартуға немесе оның терімен және шырышты қабықтармен (әсіресе, көзбен) жанасуына жол бермеңіз; препарат теріге, шырышты қабықтарға немесе көзге түсіп кеткенде судың мол мөлшерімен кемінде 15 минут бойы жуып-шайыңыз.

Онкаспар препаратын қалпына келтіруден кейін вена ішіне немесе бұлшықет ішіне енгізу керек. Енгізер алдында лиофилизат 5,2 мл инъекцияға арналған су көмегімен қалпына келтірілуі тиіс (4.2. бөлімін қараңыз).

#### Пайдалану жөніндегі нұсқау

1. Персонал дәрілік препаратпен жұмыс істеуге және оны қалай араластыру керектігіне оқып-үйретілген болуы тиіс (жүкті қызметкер әйелдер аталған дәрілік препаратпен жұмыстан аулақтатылған болуы тиіс).
2. Асептикалық жағдайлар қадағалануы тиіс.
3. Ісіке қарсы дәрілермен дұрыс жұмыс істеу рәсімі қадағалануы тиіс.
4. Онкаспар препаратымен жұмыс істеу кезінде бір реттік қолғаптар мен қорғағыш киімді пайдалануға кеңес беріледі.
5. Қолғаптарды қоса, препаратты енгізу немесе тазалау үшін пайдаланылған бүкіл сайман жоғары температурада өртеуге арналған жоғары қауіп класына жататын медициналық қалдықтарды жоюға арналған қапшықтарға салынуы тиіс.

#### Қалпына келтіру

1. Құтыға 21 калибрлік инесі бар шприц көмегімен 5,2 мл инъекцияға арналған су енгізіледі.
2. Құтыны, лиофилизат қалпына келгенше, абайлап айналдыру керек.
3. Қалпына келтіруден кейін ерітінді мөлдір, түссіз болуы тиіс және құрамында көрінетін механикалық қосылыстары болмауы тиіс. Егер қалпына келтірілген ерітінді бұлыңғыр болса немесе онда шөгінді түзілсе, оны пайдаланбаңыз. Ерітіндіні сілкімеңіз.
4. Ерітіндіні қалпына келтіруден кейін 24 сағат ішінде 25 °С-ден аспайтын температурада пайдалану керек.

#### Қолдану

1. Парентеральді дәрілік заттардың енгізуге дейін қатты бөлшектерінің бар-жоғы тексерілуі тиіс, тек көрінетін механикалық қосылыстарсыз мөлдір, түссіз ерітінді пайдаланылуы тиіс.
2. Дәрілік затты вена ішіне немесе бұлшықет ішіне енгізу керек. Ерітіндіні баяу енгізу керек.

Бұлшықетішілік инъекцияларға арналған көлемі балаларда 2 мл және ересектерде 3 мл мөлшерден аспауы тиіс.

Вена ішіне енгізу үшін қалпына келтірілген ерітінді 100 мл инъекцияға арналған 9 мг/мл (0,9%) натрий хлоридінің ерітіндісінде немесе 5% глюкоза ерітіндісінде сұйылтылуы тиіс.

Сұйылтылған ерітіндіні, 1-2 сағат ішінде ерітіндіні енгізуге болатындай есеппен, 9 мг/мл (0,9%) натрий хлориді ерітіндісінің немесе 5% глюкоза ерітіндісінің бұрын жүргізілген инфузиясына қосуға болады. Онкаспар енгізілген уақытта басқа дәрілік заттарды бір ғана венаішілік жетімді жерге енгізуге болмайды (4.2. бөлімін қараңыз).

Сұйылтудан соң ерітіндіні дереу пайдалану керек. Егер дереу пайдалану мүмкін болмаса, сұйылтылған ерітіндіні 2 °С -ден 8 °С дейінгі температурада 48 сағаттан асырмай сақтауға болады (6.3. бөлімін қараңыз).

#### Қалдықтарды жою

Онкаспар препараты тек бір рет енгізуге арналған. Бүкіл қалған дәрілік препарат пен қалдықтарын белгіленген тәртіпте жою керек.

## **7. ТІРКЕУ КУӘЛІГІНІҢ ҰСТАУШЫСЫ**

«Лаборатории Сервье» / Les Laboratoires Servier

92284 Франция, Сюрен Седекс, Карно 50 / 50 көш., rue Carnot, 92284 Suresnes cedex, France

### **7.1. Тіркеу куәлігі ұстаушысының өкілі**

*Тұтынушылар шағымдарын мына мекенжайға жолдау керек:*

|   |  |
|---|--|
| <b>Ресей Федерациясы</b><br>«Сервье» АҚ<br>Мекенжай: 125196, Мәскеу қ., Лесная көш.,<br>7 үй<br>Тел.: +7 (495) 937 07 00<br>Факс: +7 (495) 937 07 01<br>Эл. пошта: <a href="mailto:servier.russia@servier.com">servier.russia@servier.com</a>   | <b>Қазақстан Республикасы және Қырғыз Республикасы</b><br>«Сервье Казахстан» ЖШС<br>Мекенжай: 050020, Алматы қ., Достық даңғ., 310Г<br>Тел.: +7 (727) 386 76 62<br>Эл. пошта: <a href="mailto:kazadinfo@servier.com">kazadinfo@servier.com</a>           |
| <b>Беларусь Республикасы</b><br>Беларусь Республикасындағы<br>«Les Laboratoires Servier» УАҚ өкілдігі<br>(Француз Республикасы)<br>Мекенжай: 220030, Минск қ.. Мясников көш.,<br>70, 303 кеңсе<br>Тел.: +375 (17) 306 54 55/56<br>Эл. пошта: <a href="mailto:officeBY@servier.com">officeBY@servier.com</a> | <b>Армения Республикасы</b><br>«Лаборатории Сервье» өкілдігі Мекенжай:<br>0002, Ереван қ., Амирян көш., 15, дүкен 100,<br>Кентрон<br>Тел.: +374 (10) 50 50 74<br>Эл. пошта: <a href="mailto:mariam.antonyan@servier.com">mariam.antonyan@servier.com</a> |

## **8. ТІРКЕУ КУӘЛІГІНІҢ НӨМІРІ**

ЛП-№(000545)-(РГ-RU)

ЛП-№ 000545-ГП-KZ

ЛП-№ 000545-ГП-KG

ЛП-№ 000545-ГП-BY

ЛП-№ 000545-ГП-AM

## **9. БАСТАПҚЫ ТІРКЕЛГЕН (ТІРКЕУ/ҚАЙТА ТІРКЕУ РАСТАЛҒАН) КҮН**

Бірінші тіркеу күні:

Ресей Федерациясында 04.02.2022

Қазақстан Республикасында 21.02.2022

Қырғыз Республикасында 28.02.2022

Беларусь Республикасында 01.03.2022

Армения Республикасында 09.03.2022

## **10. МӘТІН ҚАЙТА ҚАРАЛҒАН КҮН**

Онкаспар дәрілік препаратының жалпы сипаттамасы «Интернет» ақпараттық-коммуникациялық желісіндегі Еуразиялық экономикалық одақтың ақпараттық порталынан қарауға болады:

<https://eec.eaeunion.org/>